

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

«Программалық инженерия» кафедрасы

Амангелді Ернар Нұржанұлы
Жансерік Мирас Қанатұлы

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
дипломдық жобаға

6B06102 – Computer Science білім беру бағдарламасы

Алматы 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

«Программалық инженерия» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ПИ кафедрасының меңгерушісі

техн. ғыл. канд., қауымдастырылған
профессор

_____ Ф.Н. Абдолдина
« ____ » _____ 2025 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

дипломдық жобаға

Тақырыбы: Медициналық деректерді бақылау және инвазивті емес құралды
басқару үшін Web қосымша жасау (backend / front-end)

6B06102 – Computer Science білім беру бағдарламасы

Орындады

Амангелді Е.Н

Жансерік М.Қ

Рецензент

Ғылыми жетекшісі

техн. ғыл. канд.

техн. ғыл. канд., қауымдастырылған
профессор

_____ Сейлова Н.А.

_____ Бейсембекова Р.Н.

« ____ » _____ 2025 ж.

« ____ » _____ 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

«Программалық инженерия» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

ПИ кафедрасының меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауымдастырылған
профессор

_____ Ф.Н. Абдолдина
« ____ » _____ 2025 ж.

Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушыларға Жансерік Мирас Қанатұлы

Амангелді Ернар Нұржанұлы

Тақырыбы: *Медициналық деректерді бақылау және инвазивті емес құралды басқару үшін Web қосымша жасау (backend / front-end).*

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бұйрығының № _____ « ____ »
_____ 202_ ж. шешімімен бекітілген.

Орындалған жобаның өткізу мерзімі: « ____ » _____ 2025 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері:

- а) пәндік саланы талдау, ұқсас жобаларды талдау;
- б) техникалық тапсырманы әзірлеу;
- в) бағдарламаның архитектурасын әзірлеу;
- г) түсінікті және интерактивті дизайнды жобалау және әзірлеу;
- д) бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және тестілеу;

Дипломдық жобада әзірленуге жататын сұрақтардың тізбесі: (міндетті
сызбаларды дәл көрсете отырып): презентацияның _____ слайдтары ұсынылды.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: _____ пайдаланылған әдебиеттер тізімінен.

Дипломдық жобаны орындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атаулары, зерттелген мәселелердің тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
1. Дипломдық жоба тақырыбына байланысты әдебиеттерді іздеу және талдау	01.12.2024	Орындалды
2. Зерттеліп отырған тақырыптың жалпы сипаттамасы	10.12.2024	Орындалды
3. Әзірленген бағдарламалау ортасын таңдау	02.02.2025	Орындалды
4. Дипломдық жобаның веб-сайт қосымшасын дайындау және іске асыру	29.03.2025	Орындалды
5. Қосымша материалдар мен презентацияны дайындау	29.03.2025	Орындалды

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілерінің аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңес берушілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы	Баға
Бағдарламалық бөлім	Еспаев Ғ.Б., тех.ғыл.магистрі, оқытушы			
Нормалық бақылаушы	Нұралықызы С., тех.ғыл.магистрі, аға оқытушы			

Ғылыми жетекші _____ Бейсембекова Р.Н.

Тапсырманы орындауға қабылдап алған студент _____ Амангелді Е.Н

Тапсырманы орындауға қабылдап алған студент _____ Жансерік М.Қ

Күні _____ «__» _____ 2025 ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобамыз қант диабетімен ауыратын науқастарға арналған медициналық ақпараттық жүйені әзірлеуге бағытталған. Жобаның негізгі мақсаты – науқастардың денсаулық көрсеткіштерін тиімді бақылауға, дәрігерлермен өзара байланысты оңтайландыруға және жалпы емдеу сапасын арттыруға арналған цифрлық шешім ұсыну.

Жүйе Java бағдарламалау тілінде Spring Framework негізінде әзірленді, бұл шешімнің тұрақтылығын, модульдік құрылымын және кеңейтілу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Backend бөлігі RESTful API архитектурасы негізінде жасалған және мәліметтер PostgreSQL дерекқорында сақталады. Ал клиенттік (frontend) бөлігі React.js кітапханасының көмегімен әзірленіп, заманауи әрі мобильді құрылғыларға бейімделген интуитивті интерфейс ұсынады.

Жүйеде келесі негізгі функцияларды қарастырсақ:

- Науқастың қандағы қант деңгейін күнделікті тіркеу;
- Инсулин дозасын енгізу;
- Науқастың денсаулық көрсеткіштерін бақылап отыру;
- Дәрігер мен науқас арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Қолданушылар жүйе арқылы күнделікті глюкоза деңгейін, инсулин дозасын тіркеп отыра алады. Дәрігер мен науқас арасындағы байланысты жақсартып, уақтылы емдеу шараларын қабылдауға және аурудың асқыну қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

Аталған жүйе – медициналық технология мен бағдарламалық жасақтаманың тоғысында әзірленген интеллектуалды шешім болып табылады. Ол науқастың жағдайын үздіксіз бақылауға және жедел әрекет етуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл жоба Қазақстандағы денсаулық сақтау саласын цифрландыруға өзіндік үлес қосатын маңызды платформа бола алады.

АННОТАЦИЯ

Целью данного дипломного проекта является разработка медицинской информационной системы для пациентов с сахарным диабетом. Основная цель проекта - предоставить цифровое решение для эффективного мониторинга показателей здоровья пациентов, оптимизации взаимодействия с врачами и повышения общего качества лечения.

Система разработана на языке программирования Java на базе платформы Spring Framework, что обеспечивает стабильность, модульность и расширяемость решения. Серверная часть основана на архитектуре RESTful API, а данные хранятся в базе данных PostgreSQL. Клиентская (фронтенд) часть разработана с использованием библиотеки React. Она использует JS и предлагает интуитивно понятный интерфейс, современный и адаптированный для мобильных устройств.

Рассмотрим основные функции системы:

- Ежедневный мониторинг уровня сахара в крови пациента;
- Введение дозы инсулина;
- Мониторинг показателей здоровья пациента;
- Обеспечение обратной связи между врачом и пациентом.

С помощью системы пользователи могут отслеживать ежедневный уровень глюкозы и дозы инсулина. Это улучшает коммуникацию между врачом и пациентом, позволяя своевременно назначать лечение и снижая риск осложнений при заболеваниях.

Эта система представляет собой интеллектуальное решение, разработанное на стыке медицинских технологий и программного обеспечения. Она позволяет постоянно контролировать состояние пациента и оперативно принимать меры. Кроме того, этот проект может стать важной платформой, которая будет способствовать цифровизации сферы здравоохранения в Казахстане.

ANNOTATION

The goal of this diploma project is to develop a medical information system for patients with diabetes. The main goal of the project is to provide a digital solution for effective monitoring of patients' health indicators, optimization of communication with doctors and improvement of the overall quality of treatment.

The system is developed in the Java programming language based on the Spring Framework, which ensures stability, modularity and scalability of the solution. The backend is built on the RESTful API architecture, and the data is stored in the PostgreSQL database. The client (frontend) part is developed using the React.js library and offers an intuitive interface, modern and adapted for mobile devices.

Let's consider the following main functions in the system:

- Daily recording of the patient's blood sugar level;
- Administration of insulin dose;
- Monitoring the patient's health indicators;
- Provide feedback between the doctor and the patient.

With the help of the system, users can track daily glucose levels and insulin doses. This improves communication between the doctor and the patient, allowing for timely treatment and reducing the risk of complications of diseases. This system is an intelligent solution developed at the intersection of medical technologies and software. It allows for continuous monitoring of the patient's condition and prompt action. In addition, this project can become an important platform that will contribute to the digitalization of Kazakhstan's healthcare sector.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Негізгі бөлім	10
1.1	Жобаның өзектілігі	10
1.2	Жобаның мақсаты	11
1.3	Терминдер мен қысқартулар	12
1.4	Жүйені модельдеу	14
1.5.1	ER диаграммасы	15
1.5.2	BPMN диаграммасы (дәрігер)	17
1.5.3	BPMN диаграммасы (науқас)	19
1.6	UML диаграммасы	21
1.6.1	MVVM	21
1.7	Технологиялар бөлімі	23
1.7.1	Java бағдарламау тілі	24
1.7.2	Spring фреймворк	24
1.7.3	React JS кітапханасы	25
1.7.4	Docker контейнеризация	25
1.7.5	Git	26
1.7.6	GitLab	27
2	Жобаның құрылымы	28
2.1	Регистрация және авторизация бөлімі	29
2.2	Қолданушының басты бет көрінісі	31
2.3	Деректер беті	32
2.4	Дәрі қабылдау беті	34
2.5	Глюкоза өлшемі	35
3	Қолданушы интерфейсінің жобасы	38
3.1	Интерфейс элементтерінің жобасы	42
3.2	Қосымша беттер	43
3.3	Чат	45
3.4	Администратор панелі	46
4	Бағдарламаны жасау және тестілеу	48
4.1	Бағдарламалық жасақтама компоненттері	49
4.2	Тестілеу	51
	Қорытынды	52
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	53
	Қосымша А: Техникалық тапсырма	55
	Қосымша Ә: Пайдаланушы нұсқаулығы	58
	Қосымша Б: Бағдарлама коды	60

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласы қазіргі кезеңде цифрлық технологияларды кеңінен енгізу арқылы халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыруды мақсат етіп отыр. Әсіресе, созылмалы аурулармен, соның ішінде қант диабетімен күрес – ұлттық деңгейде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қант диабеті науқастың өмір сүру сапасына, еңбекке қабілеттілігіне және жалпы денсаулығына тікелей әсер ететін аурулардың қатарында. Бұл дертті тиімді басқару үшін медициналық қызметтердің уақтылы көрсетілуі, науқастың жағдайын үздіксіз бақылау және жеке емдеу тәсілдерін қолдану қажет.

Осыған байланысты заманауи ақпараттық технологиялар негізінде әзірленген медициналық жүйелердің рөлі ерекше. Цифрлық шешімдер науқас пен дәрігер арасындағы өзара әрекеттестікті жетілдіруге, деректерді тиімді басқаруға және емдеу процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Дипломдық жоба – қант диабетімен ауыратын науқастарға арналған медициналық ақпараттық жүйені әзірлеуге бағытталған. Жүйенің мақсаты – науқастың денсаулық көрсеткіштерін автоматтандырылған түрде бақылау, жинақталған мәліметтер негізінде жеке ұсыныстар беру және медициналық көмектің сапасын арттыру.

Жүйе Java бағдарламалау тілі және Spring Framework негізінде әзірленген. Backend бөлігі RESTful API архитектурасын қолдану арқылы жүзеге асырылып, барлық деректер PostgreSQL мәліметтер қорында сақталады. Ал клиенттік бөлігі React.js кітапханасы арқылы құрылып, қолданушыға ыңғайлы және заманауи интерфейс ұсынады. Жүйеде қандағы глюкоза деңгейін тіркеу, инсулин дозасын жазу, сондай-ақ дәрігер мен науқас арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету мүмкіндіктері қарастырылған.

Медициналық ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы қант диабетімен күресті тиімді ету, емдеу сапасын арттыру және науқастың өмір сапасын жақсарту. Сонымен қатар, жүйе Қазақстанның денсаулық сақтау саласын цифрландыруға нақты үлес қоса отырып, медициналық қызмет көрсетуді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобаның өзектілігі

Қазіргі цифрлық дәуірде медициналық ақпараттық жүйелерді пайдалану денсаулық сақтау саласының ажырамас бөлігіне айналуда. Сандық технологиялар науқастың жағдайын үздіксіз бақылауға, медициналық деректерді тиімді басқаруға және емдеу процесін жекелендіруге жаңа мүмкіндіктер ашады. Атап айтқанда, созылмалы аурулардың бірі – қант диабетін тиімді басқару мәселесі қазіргі қоғамда аса өзекті болып отыр. Бұл дерт әлем бойынша миллиондаған адамның өміріне әсер етіп, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда да күрделі салдарлар туғызуда.

Қант диабеті – қандағы глюкоза деңгейінің бұзылуымен сипатталатын созылмалы ауру. Оны дұрыс бақылап отырмаса, жүрек-қан тамырлары аурулары, бүйрек жеткіліксіздігі, көру қабілетінің нашарлауы сияқты түрлі асқынуларға әкелуі мүмкін. Мұндай асқынулардың алдын алу үшін науқастың күнделікті денсаулығын үнемі бақылап, дер кезінде қажетті шараларды қабылдау маңызды. Бұл процесті тиімді ету үшін медициналық ақпараттық жүйелерді қолданудың маңызы зор.

«Медициналық деректерді бақылау» ақпараттық жүйесін әзірлеу осы қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында қолға алынды. Бұл жүйе қант диабетімен ауыратын науқастардың қан құрамындағы қант деңгейін және инсулин қабылдауын тіркеп, осы мәліметтерді талдау арқылы жеке ұсыныстар ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүйе медициналық қызметкерлерге әрбір науқас туралы нақты әрі құрылымдалған мәлімет ұсына отырып, диагноз қою және ем жүргізу процесін оңтайландырады.

Жобаның өзектілігі, ең алдымен, Қазақстанда да қант диабетімен ауыратындар санының артуымен, сондай-ақ ауруды ерте кезеңде анықтап, оны басқарудың тиімді құралдарының жетіспеушілігімен байланысты. Медициналық мекемелерде қолданылатын көптеген жүйелер науқаспен тікелей кері байланыс орнату және нақты уақыттағы деректерге негізделген ұсыныстар беру мүмкіндігін толық қамтамасыз ете алмайды. Ал бұл жоба науқас пен дәрігер арасындағы байланысты күшейтіп, медициналық көмекті жедел әрі дәл көрсетуге жол ашады.

Сонымен қатар, жобада заманауи технологиялардың (Java, Spring Boot, React, PostgreSQL) қолданылуы – жүйенің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оны болашақта кеңейтуге және басқа медициналық қызмет түрлерімен интеграциялауға жол ашады. Бұл өз кезегінде Қазақстанның денсаулық сақтау саласын цифрландыру бағытындағы стратегиялық мақсаттарымен үндес келеді.

Осы жобаны жүзеге асыру арқылы біз қант диабетімен ауыратын адамдардың өмір сапасын арттыруға, медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін жақсартуға, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесіндегі ресурстарды оңтайлы пайдалануға мүмкіндік аламыз. Сондықтан,

«Медициналық деректерді бақылау» жобасының өзектілігі бүгінгі күні ерекше маңызға ие.

1.2 Жобаның мақсаты

Жоба қант диабетімен ауыратын науқастардың медициналық деректерін бақылауға арналған жүйені әзірлеуге бағытталған. Бұл жүйенің басты мақсаты – науқастардың медициналық жағдайын тиімді бақылау, оларды дер кезінде емдеу және диагностиканың дәлдігін арттыру. Медициналық деректерді басқаруға арналған инвазивті емес құралдармен жұмыс істейтін веб қосымшаны жасау. Қосымша, дәрігерлерге науқастардың жағдайын қадағалауға, ал науқастарға өз дәрі-дәрмектерін уақытында қабылдау туралы ескертулер жіберуге мүмкіндік береді.

Қосымшаның міндеті – қант диабетімен ауыратын науқастардың жағдайын бақылау процесін жеңілдету, медициналық ақпаратты автоматты түрде жинақтау және оны тиімді түрде өңдеу. Бұл жүйе дәрігерлерге науқастың денсаулық жағдайын жылдам әрі дәл бағалауға мүмкіндік береді, ал науқастарға дәрі-дәрмек қабылдау уақытын ұмытпауға көмектеседі.

Жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1. Қант диабетімен ауыратын науқастардың медициналық көрсеткіш деректерін бақылауға арналған жүйе жасау: Қант диабетімен ауыратын науқастардың денсаулық жағдайын бақылап, медициналық деректерді жинақтау және талдау арқылы емдеуді тиімді ету.

2. Науқастың электрокардиосигналын тіркеп, оны өңдеп көрсете алатын инвазивті емес құралды ұсыну: Қосымша науқастардың қант деңгейін, жүрек-қан тамырлары жүйесін және басқа да денсаулық көрсеткіштерін бақылауға арналған инвазивті емес құралдарды басқару.

3. Дәрігерлерге науқастардың денсаулығын қадағалауға мүмкіндік беретін интерфейс жасау: Дәрігерлерге науқастардың медициналық деректерін қадағалап, қажетті шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін визуализация және талдау құралдарын ұсыну.

4. Науқастарға дәрі-дәрмектерді қабылдау туралы уақытылы ескертулер жолдау жүйесін енгізу: Науқастарға дәрі-дәрмек қабылдау уақытын еске салатын автоматты хабарламалар жіберу жүйесін енгізу арқылы емдеу процесін оңтайландыру.

5. Диагностика мен емдеудің тиімділігін арттыру: Қосымша арқылы науқастардың медициналық деректерін уақытылы және дәл жинақтау арқылы диагностиканың дәлдігін арттыру, емдеу процестерінің тиімділігін қамтамасыз ету.

Жобаның ерекшеліктері:

- **Интерактивті интерфейс:** Қосымша пайдаланушыларға ыңғайлы интерфейс ұсынады, ол арқылы медициналық деректерді оңай енгізіп, бақылап отыруға болады.
- **Қашықтан мониторинг:** Қосымша дәрігерлерге науқастарды қашықтан бақылауға және уақытылы әрекет етуге мүмкіндік береді.
- **Жоғары қауіпсіздік:** Қосымша барлық медициналық деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заманауи шифрлау және қауіпсіздік жүйелерін қолданады.
- **Пайдаланушыға ыңғайлы:** Қосымша жеке қажеттіліктерді ескере отырып, пайдаланушыларға деректерді енгізу, бақылау және талдау процесін жеңілдетеді.

Жобаның болашағы:

Жоба тек медициналық деректерді бақылауға арналған қосымша ғана емес, сонымен қатар дәрі-дәрмектердің уақытында қабылдануын қадағалау арқылы емдеуді тиімді ететін құрал ретінде де қолданылатын болады. Қосымша түрлі медициналық мекемелерде енгізілсе, қант диабетімен ауыратын науқастардың жағдайы қашықтан бақыланып, емдеу процессінің тиімділігі артады.

1.3 Терминдер мен қысқартулар

1 кесте – Анықтамалар, терминдер және қысқартулар

Терминдер және қысқартулар	Анықтамалары
API	Application Programming Interface – бағдарламалар арасындағы өзара әрекеттесуін реттейтін интерфейс. API қосымшаның әртүрлі компоненттері арасындағы байланыс пен деректер алмасуды қамтамасыз етеді[9].
ДБ	Деректер базасы – мәліметтерді сақтау, өңдеу және басқару жүйесі. Қант диабетімен ауыратын науқастардың деректерін сақтау үшін қолданылатын құрылым[11].
MVVM	Model-View-ViewModel — қолданба логикасын пайдаланушы интерфейсінің кодынан бөлу арқылы тиімді әзірлеуге болатын архитектуралық үлгі.[9]

1 кестенің жалғасы

UI	User Interface – қолданбаларға пайдаланушылармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін графикалық және интерактивті интерфейс элементтері[9].
UX	User Experience – қосымшамен жұмыс істеудің жалпы тәжірибесі. Пайдаланушыларға қолданбаны тиімді және ыңғайлы пайдалануды қамтамасыз етеді [8].
SDK	Software Development Kit – бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін қажетті құралдар мен кітапханалар жиынтығы[8].
HTTP	Hypertext Transfer Protocol – веб-браузерлер мен серверлер арасында деректер алмасу хаттамасы[12].
JSON	JavaScript Object Notation – деректерді алмастыру және сақтау үшін қолданылатын жеңіл, адамға түсінікті формат[9].
IDE	Integrated Development Environment – бағдарламалау тілдерін жазу, түзету және тестілеу үшін пайдаланылатын орта[11].
CRUD	Create, Read, Update, Delete – мәліметтер базасымен жұмыс істегенде қолданылатын төрт негізгі операция: деректерді жасау, оқу, жаңарту және жою[8].
Java	Java – кросс-платформалық бағдарламалау тілі. Қосымшаның серверлік бөлігін әзірлеуде кеңінен қолданылады. Java бағдарламалары жоғары өнімділік пен қауіпсіздікке ие[8].
Spring	Spring Framework – java платформасында веб-қосымшаларды жасауға арналған ашық кодты бағдарламалық қамтамасыз ету фреймворкі. Бұл фреймворк серверлік қосымшалар үшін қолданылатын көптеген құралдар мен компоненттерді ұсынады[8].
React	React – қолданушы интерфейстерін құруға арналған JavaScript кітапханасы. React қосымшаның фронтендін құруда кеңінен қолданылады және компоненттік негізде жұмыс істейді[9].
Docker	Docker – қосымшаларды контейнерлеу және виртуализациялау үшін қолданылатын құрал. Docker бағдарламалар мен олардың тәуелділіктерін бірдей ортада іске қосуға мүмкіндік береді, бұл әзірлеу мен тестілеуді жеңілдетеді[10].

1.4 Жүйені модельдеу

Бұл бөлімде сәулет үлгілері мен құрылымдарына арналған дипломдық жобаның бөлімі сипатталған. Бұл қосымша Java Spring және reaction технологияларына негізделген және Docker контейнерлеу жүйесін қолдана отырып, оңай басқарылатын және масштабталатын жүйе ретінде жасалған.

Негізгі құрылымдық бөлімдер:

1. **Data Layer:** Бұл бөлімде медициналық деректер базасы және деректерді өңдеуге қажетті компоненттер орналастырылады. Java Spring фреймворкімен құрылған Spring Data JPA арқылы деректер базасына қатынас жасалады. Сонымен қатар, JPA репозиторийлері деректерді сақтау және алу үшін қолданылады. Мысалы, PatientRepository науқастардың деректерін сақтау үшін қызмет етеді. Деректер базасымен байланыс, REST API қызметтері арқылы жүзеге асады, олар React қолданушы интерфейсінен сұраулар алады.

2. **Business Logic Layer (Service Layer):** Бұл бөлімде бизнес логика жүзеге асырылады. Spring Boot қосымшасының бизнес логикасы осы жерде басқарылып, PatientService, MedicationReminderService сияқты қызметтер арқылы жұмыс істейді. Бұл қызметтер науқастың жағдайын бақылау, дәрі-дәрмектер туралы ескертулерді жіберу және басқа да медициналық операцияларды жүзеге асырады.

3. **Presentation Layer:** Қосымшаның пайдаланушы интерфейсі React кітапханасы арқылы жасалған. React компоненттері пайдаланушының деректерін көрсету, дәрі-дәрмек қабылдауды ескертулермен қамтамасыз ету, сондай-ақ науқастың медициналық ақпараттарын визуализациялау үшін қолданылады. React Router арқылы түрлі экрандар (мысалы, науқастың профилі, дәрі-дәрмек туралы ескертулер және т.б.) арасында навигация ұйымдастырылады. Пайдаланушы интерфейсінің логикасы Redux арқылы басқарылып, деректерді сақтау және синхрондау жүзеге асырылады.

4. **API Layer: Spring Boot** арқылы әзірленген RESTful API қосымша мен клиент арасындағы деректер алмасуды қамтамасыз етеді. API, науқастардың медициналық деректерін алу, жаңарту, дәрі-дәрмек қабылдау туралы ескертулер жіберу және басқа да операцияларды орындау үшін қолданылады. Бұл API React фронтендімен интеграцияланып, пайдаланушы әрекеттеріне сәйкес сұраулар мен жауаптарды өңдейді.


5. **Dependency Injection (DI) Layer: Spring Framework** қосымшасының барлық тәуелділіктерін инъекциялау үшін қолданылады. Spring инъекция механизмін пайдалану арқылы компоненттер арасындағы байланыс анықталады және автоматты түрде инъекция жасалады. Бұл бөлікте @Autowired аннотациясы арқылы сервис, репозиторий, контроллер және басқа да компоненттер байланысады.

6. **Docker Layer:** Қосымшаның барлық компоненттері Docker контейнерлері арқылы орнатылып, басқарылатын болады. Docker контейнерлеу технологиясы қосымшаның дамуын, тестілеуін және өндірістік ортада іске


қосылуын оңайлатады. Әр компонент (Spring Boot, React, деректер базасы) бөлек контейнерлерде іске қосылады, бұл оларды бір ортада толық басқаруды және масштабтауды қамтамасыз етеді. Docker Compose арқылы әртүрлі контейнерлерді бірге іске қосуға болады, бұл қосымшаның толықтай оңай басқарылуын қамтамасыз етеді.

7. **Административті панель: React** технологиясын пайдалану арқылы жобаның әкімшілік басқару панелі жасалды. Бұл панель қосымшаның мазмұнын басқаруға, пайдаланушы деректерін және медициналық ақпараттарды тиімді түрде басқаруға мүмкіндік береді. React негізіндегі панель платформалар арасында бір код базасын қолдануға мүмкіндік береді.

1.5.1 ER диаграммасы



1 сурет – Науқастың күнделікті деректерін енгізу диаграммасы



2 сурет – Науқастың деректерін енгізу диаграммасы

ER (Entity-Relationship) диаграммасы – дерекқорды жобалау үшін қолданылатын графикалық құрал. Ол жүйедегі объектілер мен олардың арасындағы қатынастарды бейнелейді. ER диаграммасы мәліметтерді ұйымдастыру мен дерекқорды басқару үшін маңызды болып табылады. Ол негізінен келесі элементтерді қамтиды:

1. **Entity (Объект)**: ER диаграммасында "Entity" – нақты немесе абстракт объекті немесе тұтас жүйе. Мысалы, аурухана жүйесінде "Науқас" немесе "Дәрігер" сияқты объектілер болуы мүмкін. Әрбір объектінің атрибуттары болуы мүмкін (мысалы, Науқас үшін аты, жасы, диагнозы).

2. **Attribute (Атрибут)**: Атрибут – объектінің сипаттамасы немесе қасиеті. Мысалы, "Науқас" объектісінің атрибуттары оның аты, жасы, диагнозы болуы мүмкін.

3. **Relationship (Қатынастар)**: Қатынас – екі немесе одан да көп объекті арасында болатын байланыс. Мысалы, "Науқас" және "Дәрігер" арасындағы қатынас "Қаралу" немесе "Емдеу" деп атала алады.

4. **Primary Key (Негізгі кілт)**: Әрбір объектінің бірегей идентификаторы. Бұл атрибут деректердің бірегейлігін қамтамасыз етеді, мысалы, науқастардың ID коды.

ER диаграммасының түрлері:

- **One-to-One (1:1):** Бір объекті екінші объектімен бір байланысқа ие. Мысалы, әр науқастың бір дәрігері болуы мүмкін.
- **One-to-Many (1:N):** Бір объекті бірнеше объектімен байланысқан. Мысалы, бір дәрігердің көптеген науқастары болуы мүмкін.
- **Many-to-Many (N:M):** Көптеген объектілер арасында көптеген байланыстар бар. Мысалы, бір дәрігер бірнеше науқаспен, ал әр науқас бірнеше дәрігермен байланыса алады.


ER диаграммасының элементтері:

- **Қораптар** (Entity немесе атрибуттарды көрсетеді).
- **Сызықтар** (Қатынастарды көрсетеді).
- **Ромбтар** (Қатынастарды қосатын элементтер).

ER диаграммасын құру кезінде, алдымен жүйедегі негізгі объектілерді (entity) анықтап, олардың арасындағы байланыстарды (relationship) анықтаймыз. Содан кейін, әрбір объектінің атрибуттарын қосамыз және байланыстарды айқындаймыз.

Бұл диаграмма дерекқордың құрылымын тиімді жобалау үшін өте пайдалы болып табылады.

1.5.2 BPMN диаграммасы (дәрігер)



3 сурет – BPMN диаграммасы (дәрігер)

BPMN (Business Process Model and Notation) диаграммасы – бизнес процестерін моделдеуге арналған стандартты графикалық тіл. Бұл диаграмма бизнес процестерін түсінікті түрде көрсету, талдау және оңтайландыру үшін

пайдаланылады. BPMN диаграммасы ұйымдардың жұмысын жүйелі түрде бейнелеуге мүмкіндік береді және процесстер арасындағы байланыстарды, әрекеттер мен шешімдерді айқын түрде көрсетеді.

BPMN диаграммасының негізгі элементтері:

1. **Процесс:** BPMN диаграммасының негізі – бизнес процесі, яғни ұйымдағы белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін орындалатын әрекеттер тізбегі.

2. **Қызметтер (Activities):** Процесс ішінде орындалатын нақты әрекеттер немесе тапсырмалар. Бұл қызметтер бірнеше түрге бөлінеді:

- **Task (Тапсырма):** Бір әрекет немесе жұмыс бір уақытта орындалатын элемент.

- **Sub-Process (Қосымша процесс):** Әрекеттердің топтамасы, оны басқа диаграммамен көрсетіп, ішіне қосымша процесстерді қосуға болады.

3. **Іс-шаралар (Events):** Процестің басталуы, аяқталуы немесе аралық жағдайлар. Іс-шаралар әртүрлі түрлерге бөлінеді:

- **Start Event (Бастау іс-шарасы):** Процестің басталуын көрсетеді.
- **End Event (Аяқталу іс-шарасы):** Процесс немесе әрекеттің аяқталуын көрсетеді.

- **Intermediate Event (Аралық іс-шара):** Процесс кезінде туындайтын жағдайларды (мысалы, уақыт шегі немесе сыртқы оқиғалар) білдіреді.

4. **Қатынастар (Gateways):** Процесс ішіндегі бағыттарды немесе шартты бөліністерді көрсетеді. Бұл элементтер бірнеше жағдайларға немесе әрекеттерге жол ашады:

- **Exclusive Gateway (XOR):** Егер бір ғана шарт орындалса, процесстің келесі қадамы таңдалады.

- **Parallel Gateway (AND):** Барлық жағдайлар орындалса, бірнеше әрекет қатарынан жүзеге асады.

- **Inclusive Gateway (OR):** Бір немесе бірнеше шарттар орындалған жағдайда бірнеше әрекет орындалуы мүмкін.

5. **Құралдар (Artifacts):** Диаграмманың қосымша ақпараттарын қосуға мүмкіндік береді. Бұл элементтер, мысалы:

- **Data Objects (Дерек объектілері):** Процесс барысында қолданылатын немесе жасалатын деректер.

- **Groups (Топтар):** Әр түрлі элементтерді топтау үшін қолданылады.

- **Annotations (Ескертпелер):** Диаграммаға қосымша түсініктемелер немесе ақпараттарды қосуға мүмкіндік береді.

6. **Ағындар (Flows):** Әрекеттер мен оқиғалар арасындағы байланыстарды көрсететін сызықтар:

- **Sequence Flow (Тізбекті ағын):** Әрекеттердің немесе іс-шаралардың орындалу тәртібін көрсетеді.

- **Message Flow (Хабарламалар ағыны):** Процесс ішіндегі әртүрлі элементтер арасында хабарламалармен алмасуды білдіреді.

- **Association (Қатысу):** Деректер мен процестер арасындағы байланыстарды көрсетеді.

BPMN диаграммасының артықшылықтары:


- **Түсінікті:** Барлық бизнес пайдаланушыларға (техникалық емес) бизнес процестерін түсінуге көмектеседі.
- **Стандартты:** BPMN диаграммалары әлем бойынша кеңінен қабылданған стандарт болып табылады, сондықтан олар бір ұйымнан екіншісіне оңай аударылады.
- **Жүйелі:** Біз бір уақытта бірнеше процесс пен әрекетті жүйелі түрде көрсету мүмкіндігіне ие боламыз.
- **Құжаттау:** Процестерді нақты түрде құжаттап, оларды талдауға және оңтайландыруға мүмкіндік береді.

BPMN диаграммаларын пайдалану салалары:

- **Бизнес процестерін талдау:** Қазіргі бизнес процестерін зерттеп, тиімділігін арттыру үшін пайдалануға болады.
- **Автоматтандыру:** Процестерді автоматтандыру үшін нақты сұлбаларды жасауға көмектеседі.
- **Оңтайландыру:** Процестердің қай жерлерде өзгерістер енгізу қажеттігін көруге мүмкіндік береді.

BPMN диаграммалары, әсіресе бизнес процестерін нақты бейнелеу мен оларды бақылау мақсатында, маңызды құрал болып табылады.

1.5.3 BPMN диаграммасы (науқас)



4 сурет – BPMN диаграммасы (науқас)

1. Бағдарлама ашылады
 - Қолданушы қосымшаны іске қосады.
2. Тіркелген бе тексеру
 - Жүйе қолданушы тіркелген бе, жоқ па екенін тексереді.
3. Егер тіркелмесе → "Аутентификация" не "Тіркелу" бетіне өтеді
 - Қолданушы тіркелмеген болса, ол тіркелу немесе кіру экранына бағытталады.
4. Егер тіркелген болса → "Басты бетке өту"
 - Тіркелген қолданушы тікелей басты бетке өтеді.


Басты беттен мүмкін болатын әрекеттер:

 - Профиль → Жеке мәліметтерді қарау.
 - Пайдаланушылар → Басқа қолданушылар тізімін қарау.
 - Пайдаланушының ақпаратын өзгерту → Профильді өңдеу.
 - Кіші сөзді өзгерту → Құпия сөзді жаңарту.
 - Тілді өзгерту → Интерфейс тілін ауыстыру.
 - Аккаунттан шығу → Жүйеден шығу.

Медициналық деректермен жұмыс:


 - Анализ бөліміне өту → Медициналық көрсеткіштермен жұмыс.
 - Деректерді енгізу
 - Глюкоза өлшемдерін енгізу
 - Күнделікті деректерді енгізу
 - Деректерді тексеру
 - Анықтама жазу → Қолданушы дәрігерге хабарлама немесе өтініш жазады.
 - Қабылданды/Қабылданбады → Нәтижеге байланысты хабарлама шығады.

1.6 UML диаграммасы



5 сурет – UML диаграмма (Класс диаграммасы)

1.6.1 MVVM (Модель-View-ViewModel)



6 сурет – MVVM сызбасы

MVVM ол медициналық деректерді бақылау және инвазивті емес құрылғыларды басқару үшін веб-қосымшаларда қолданылады. Бұл үлгі кодтық

базаны басқаруды жеңілдетеді және әзірлеу мен тестілеу процесінің тиімділігін арттырады.

Негізгі компоненттер:

Үлгі: қолданба деректері мен бизнес логикасын ұсынады. Бизнес ережелерін, деректерге қол жетімділікті, модель сыныптарын және деректердің сенімділігін басқарады.

Көрініс: пайдаланушы интерфейсінің барлық компоненттерінен тұрады. Модельден деректерді көрсетеді және пайдаланушы командаларын (оқиғаларын) көрініс моделіне жібереді. Ұсыну белсенді емес, яғни бизнес логикасы жоқ декларативті көрініс.

Өкілдік моделі: модель мен өкілдік арасындағы делдал ретінде әрекет етеді. Көріністе қол жетімді нысанда деректерді ұсынады және көріністегі пайдаланушылардың әрекеттерін басқарады.

Жобаның артықшылықтары:

Бөлу: логиканы бөлу-үлкен артықшылық. Бизнес логикасы мен деректерді көрсету логикасын бөлу қолданбаларды басқаруды және масштабтауды жеңілдетеді. Әзірлеушілер мен дизайнерлер тиімді және тәуелсіз жұмыс істей алады.

Қарапайым тест: бизнес логикасын презентация модельдеріне бөлу арқылы сіз бұл компоненттерді пайдаланушы интерфейсінен (view) бөлек оңай тексере аласыз.

Деректер қосылымы: әдетте, көрініс моделі көрініске деректер қосылымын қолдайды. Бұл байланыс кодтың стандартты бөлігін қысқартады және интерфейс пен пайдаланушы әрекеттері арасында синхрондауды жеңілдетеді.

Кодты қайта пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді жеңілдетеді: компоненттерді қолданбаның басқа бөліктерінде немесе басқа қолданбаларда оңай қайта пайдалануға болады. Бизнес логикасын немесе деректерді көрсету тәсілін өзгерту техникалық қызмет көрсетуді жеңілдетеді, өйткені көріністі өзгертудің қажеті жоқ.

Медициналық деректерді бақылау және инвазивті емес құрылғыларды басқару үшін веб-қосымшалардағы қозғалыстарды пайдаланыңыз.

Медициналық деректерді бақылау және инвазивті емес құралдарды басқару үшін веб-қосымшаны әзірлеу біз жаңа мүмкіндіктерді тиімді енгізе алатынымызды және кодты оңай сақтай алатынымызды білдіреді. Мысалы, дәрі - дәрмектерді қабылдау уақытын картаға түсірудегі өзгерістер тек презентация моделі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, Бұл бизнес логикасын төменгі деңгейде өзгерту қажеттілігін жояды. Сонымен қатар, дәрілік деректер үлгісіндегі өзгерістер (мысалы, қант деңгейін Жаңа бақылау, дәрі-дәрмек түрлерін қосу) даму ортасын тұрақты және икемді етеді, пайдаланушы интерфейсінде ешқандай өзгеріс жоқ.

1.7 Технологиялар бөлімі

Қант диабетімен ауыратын науқастарға арналған ақпараттық жүйені әзірлеу барысында Java, Spring, React JS, Docker, Git және GitLab сияқты заманауи технологиялар қолданылды. Бұл құралдар өздерінің тұрақтылығы, қауіпсіздігі және икемділігі арқасында жобаның барлық компоненттерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Әр технология белгілі бір мақсатқа сай таңдалып, жүйенің тиімділігіне оң әсер етті.

- **Java:** Жобаның серверлік (backend) бөлігі Java бағдарламалау тілінде әзірленді. Бұл тіл платформаға тәуелсіз, өнімділігі жоғары және кең қолданылатын тілдердің бірі. Java арқылы бизнес-логика құрылып, дерекқормен байланыс орнатылды. Сонымен қатар, оның қауіпсіздік пен модульдік артықшылықтары жүйенің тұрақты жұмыс істеуіне ықпал етті[8].

- **Spring Framework:** Java экожүйесіне арналған Spring фреймворкі серверлік қосымшаның негізін құрады. Spring Boot арқылы REST API интерфейстері жасалып, пайдаланушылар мен жүйе арасындағы деректер алмасуы қамтамасыз етілді. Spring Security модулі арқылы авторизация және аутентификация механизмдері енгізілді, ал Spring Data JPA дерекқормен жұмыс жасау процесін жеңілдетті[8].


- **React JS:** Қолданушы интерфейсін құру үшін React JS кітапханасы қолданылды. Бұл кітапхана компоненттік құрылым арқылы интерфейсін модульдік және қайта қолдануға ыңғайлы етіп құруға мүмкіндік береді. React виртуалды DOM қолдану арқылы өнімділікті арттырып, интерфейсін жылдам жүктелуін қамтамасыз етті[9].

- **Docker:** Жобаның барлық компоненттері (frontend, backend, database) Docker контейнерлерінде іске қосылды. Бұл жүйенің конфигурацияларын оңай басқаруға және әртүрлі ортада (локальды, серверлік) бірдей жұмыс жасауына мүмкіндік берді. Контейнеризация жүйені тестілеу және деплой процесін айтарлықтай жеңілдетті[11].

- **Git:** Бағдарламалық кодтың нұсқаларын басқару үшін Git қолданылды. Команда мүшелері өз тармақтарында (branch) жұмыс істеп, кейін өзгерістерді біріктіріп отырды. Git көмегімен код тарихын бақылау, өзгерістерді қайтару және командалық жұмыс жүргізу оңтайландырылды[12].

- **GitLab:** Жобаны ортақ репозиторийде сақтау және CI/CD процестерін автоматтандыру үшін GitLab платформасы пайдаланылды. GitLab арқылы кодты тексеру, сынақтан өткізу және өндіріске (production) шығару процестері автоматты түрде жүзеге асырылып, даму процесі жылдам әрі жүйелі болды[12].

1.7.1 Java бағдарламау тілі



7 сурет – Java логотипі

Java – объектіге бағытталған, қауіпсіз әрі платформаға тәуелсіз бағдарламалау тілі. Бұл тілдің тұрақтылығы мен кең қауымдастықпен қолдау табуы оны өндірістік жүйелерге, соның ішінде денсаулық сақтау саласына бейімдеуге ең қолайлы құрал етеді. Жоба барысында Java тілі backend жүйесінің негізгі компоненттерін, соның ішінде бизнес-логика, пайдаланушы мәліметтерін өңдеу және серверлік интеграция қызметтерін жасау үшін қолданылды.

Java тілі Spring фреймворкімен табиғи интеграцияға ие, бұл код құрылымын модульдік етіп ұйымдастыруға және масштабталатын жүйе жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Java тілі арқылы RESTful сервистер жасалып, медициналық деректердің қауіпсіз берілуі қамтамасыз етілді[8].

1.7.2 Spring фреймворк



8 сурет – Spring Framework логотипі

Spring – Java негізіндегі веб-қосымшаларды құруға арналған ең танымал фреймворктердің бірі. Жобада Spring Boot модулі қолданылып, REST API арқылы қолданушы интерфейсімен өзара әрекеттесу қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, Spring Security көмегімен аутентификация және рұқсат ету

процестері орындалды, бұл деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

Spring Data JPA модулі мәліметтер қорымен жұмыс істеуді оңтайландырды, ал Spring-тің модульдік құрылымы арқасында жобаны бірнеше бөлімге бөліп, әрқайсысын жеке дамытуға мүмкіндік туды. Бұл тәсіл медицина саласындағы күрделі және сенімді жүйелерді жасауға аса тиімді болды[8].

1.7.3 React JS кітапханасы




9 сурет – React JS логотипі

React – JavaScript негізінде жасалған заманауи кітапхана, қолданушы интерфейстерін құруда жиі қолданылады. Жобада React кітапханасы арқылы әкімшілік панель мен науқас интерфейстері жасалды. Компоненттік құрылым деректердің көрнекі әрі интерактивті түрде ұсынылуына мүмкіндік берді.

React қолдану нәтижесінде дәрігерлер мен науқастарға арналған интерфейстер жеңіл, жауапты (responsive) және модульдік құрылымда жасалды. Виртуалды DOM технологиясы кескіндер мен деректерді жылдам жүктеп, өнімділікті едәуір арттырды[9].

1.7.4 Docker контейнеризация

Docker – қосымшаларды контейнер түрінде оқшаулап іске қосуға арналған технология. Жобада backend (Java + Spring), frontend (React), және мәліметтер базасы компоненттері жеке контейнерлерге бөлініп, толық интеграцияланған микросервис архитектурасы жасалды.



10 сурет – Docker логотипі

Docker қолдану арқылы әзірлеу және деплой процесі автоматтандырылды. Әрбір компонент оқшауланған күйде жұмыс істеп, жүйенің икемділігі мен тасымалдануын қамтамасыз етті. Бұл – медициналық деректермен жұмыс істейтін жүйелер үшін сенімді әрі қауіпсіз шешім[11].

1.7.6 Git



11 сурет – Git логотипі

Git – бағдарламашыларға әртүрлі нұсқаларды оңай басқаруға және олармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін таратылған кодты басқару жүйесі. Git сіздің жобаңыздағы өзгерістерді тиімді басқара алады, қауіпсіз сақтай алады және кез-келген уақытта жүйенің кез-келген нұсқасына ауыса алады. Ашық бастапқы жүйені Linux ядросының әзірлеушісі Линус Торвальдс жасаған. GIT жүйелерінің ең маңызды ерекшелігі-олар үлестірілген архитектураны қолданады. Бұл дегеніміз, барлық әзірлеушілер Интернетке қосылмаған болса да, бүкіл жоба репозиторийінің көшірмесін компьютерде сақтай және іске қоса алады. Әзірлеушілер жергілікті жадпен жұмыс істей алады, содан кейін оларды басқа мүшелермен бөлісу үшін серверге өзгертулер жібере алады. Git платформасының тағы бір маңызды бөлігі-тармақталу және біріктіру мүмкіндігі. Бұл мүмкіндіктер әзірлеушілерге жаңа мүмкіндіктерді өздігінен қосуға және дамытуға мүмкіндік береді. Жүйе ақаулықтарды жою және жаңа мүмкіндіктерді енгізу кезінде үлкен ыңғайлылықты қамтамасыз етеді. Git

эртүрлі нұсқалар арасындағы айырмашылықтарды түсіну және жүйелі түрде бақылау үшін жоба кодының тарихын бақылауға мүмкіндік береді [12].

1.7.7 GitLab



12 сурет – GitLab логотипі

GitLab – бұл жобаның барлық кезеңдерін қамтитын және даму процесін толығымен автоматтандыратын қуатты жүйе. Бұл әзірлеушілерге кодтың қауіпсіздігін жақсартуға, мүмкіндігінше қысқа мерзімде өзгертулер енгізуге және бүкіл команданың бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Даму процесін басқаруды жеңілдету үшін оған код жазу, тестілеу, орналастыру және техникалық қолдау сияқты қадамдар енгізілген.

Сонымен қатар, Gitrap-та қауіпсіздікті жақсартуға арналған арнайы құралдар бар. Мысалы, кодты тексерудің автоматтандырылған жүйесі қолданбадағы осалдықтарды анықтайды және бағдарламашыларға қауіпсіздік бойынша ұсыныстар береді. Сонымен қатар, бағдарламашылар кодты бір жүйеде жасай алады, тексере алады және іске қоса алады. Gitrap қосымшасында модульдік архитектура бар, ол пайдаланушыларға тек қажетті модульдерді таңдауға және өз жобалары үшін тиісті мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы техникалық шешімдерді оңтайландырудың арқасында одан әрі даму процестері тез және тиімді жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ашық ақпарат көзі жобалардың тиімділігі мен сапасын арттыруға көмектесетін қоғамдастық пен жобаларға үлкен үлес қосады [12].

2 Жобаның құрылымы

Қант диабетімен ауыратын науқастардың жағдайын бақылауға және инвазивті емес құрылғыларды басқаруға арналған веб-қосымша бірнеше негізгі компоненттерден тұрады. Бұл компоненттер әртүрлі функционалдық мүмкіндіктерді қамтиды және жүйенің үздіксіз, қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Жобаның құрылымын құру барысында төмендегі аспектілерге ерекше көңіл бөлінді:

Медициналық деректерді сақтау және өңдеу

Қосымшада пайдаланушы (науқас) және дәрігер арасындағы өзара әрекет деректері, глюкоза деңгейі, зертханалық талдаулар, тағайындалған емдеу және өмір салты бойынша ақпараттар сақталады. Бұл деректер Firebase немесе арнайы шифрланған SQL дерекқорларында сақталып, авторизацияланған қолданушылар ғана қол жеткізе алады. Мәліметтердің сақталу қауіпсіздігі двухфакторлық аутентификация және деректерді шифрлау арқылы қамтамасыз етіледі.

Пайдаланушы интерфейсі (UI)

Пайдаланушы интерфейсі – жобаның маңызды бөлігі. Қосымша интерфейсі React JS кітапханасы арқылы әзірленіп, заманауи, интуитивті және жауапты дизайнмен ерекшеленеді. Интерфейс арқылы науқастар өз глюкоза деңгейлерін енгізіп, тағам күнделігін жүргізе алады, ал дәрігерлер науқастың динамикасын көріп, емдеу жоспарын түзете алады.

UI компоненттеріне мыналар кіреді:

- Интерактивті графиктер (HbA1c, глюкоза трендтері)
- Телемедицина және чат модулі
- Медициналық жазбалар және зертханалық мәліметтер панелі
- Дәрі қабылдауды еске салу терезелері

Интеграциялық модульдер

Веб-қосымша инвазивті емес құрылғылармен (мысалы, глюкометрлер немесе смарт-сағаттар) интеграциялануға бейімделген. Құрылғылардан алынатын деректер автоматты түрде жүйеге жүктеліп, пайдаланушы мен дәрігер үшін шынайы уақыт режимінде көрсетіледі. Бұл деректер машиналық оқыту алгоритмдері арқылы талданып, жүйе автоматты түрде ұсыныстар береді (инсулин дозасын түзету, диета және т.б.).

Тестілеу модульдері

Интеграциялық тестілеу

Барлық модульдердің өзара әрекетін қамтамасыз ету үшін интеграциялық тестілеу жүргізіледі. Бұл жүйенің тұрақты жұмыс істеуіне және пайдаланушы деректерінің дұрыс өңделуіне кепілдік береді.

Қауіпсіздік тестілеуі

Қолданба қауіпсіздігінің жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету мақсатында осал тұстарды анықтау үшін қауіпсіздік аудиттері мен автоматты сканерлер қолданылады. Бұл процесс науқас деректерінің құпиялығын және жүйенің сенімділігін қамтамасыз етеді.

2.1 Регистрация және авторизация бөлімі

13 сурет – Авторизация

Қант диабетімен ауыратын науқастардың деректерін сенімді қорғау және әрбір пайдаланушыға жеке қолжетімділік ұсыну мақсатында қосымшада заманауи тіркеу және аутентификация жүйесі енгізілді. Бұл жүйе пайдаланушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, олардың қосымшаны жекелендіріп пайдалануын да қолдайды.

14 сурет – Регистрация

Firestore аутентификация қызметінің қолданылуы

Жоба барысында Google ұсынған бұлтты платформа – Firebase Authentication қолданылды. Бұл қызмет электрондық пошта және құпия сөз арқылы тіркелу, Google немесе басқа әлеуметтік желілермен кіру, сонымен қатар SMS арқылы екі факторлы аутентификация (2FA) мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Firestore-тің артықшылықтары:

- Деректерді автоматты түрде шифрлау және қауіпсіз сақтау;
- Кіру сессияларын басқару;
- Пайдаланушы статусы (дәрігер, науқас) бойынша рөлдік жүйені бөлу;
- Әр түрлі құрылғылардан кіруді синхрондау.


Қауіпсіздік пен сенімділік

Аутентификация жүйесі науқастардың медициналық деректерінің құпиялығын сақтау үшін маңызды рөл атқарады. Firestore көмегімен деректерге рұқсатсыз қолжетімділікке жол берілмейді. Әрбір тіркелген пайдаланушыға тек өзінің ақпараттарын көруге және өңдеуге рұқсат беріледі, ал дәрігерлер тек бекітілген науқастардың деректерін көре алады.

Жекелендірілген тәжірибе

Аутентификациядан өткеннен кейін жүйе әр пайдаланушының профиліне сай ақпаратты көрсетеді. Науқасқа – глюкоза деңгейі, емдеу жоспары және талдау нәтижелері, ал дәрігерге – науқастың динамикасы мен медициналық жазбалары ұсынылады. Бұл тәсіл пайдаланушы тәжірибесін жекелендіріп, жүйені интуитивті әрі тиімді етеді.

2.2 Қолданушының басты бет көрінісі



15 сурет – Веб-сайттың басты беті

Қосымшаның басты беті пайдаланушыларға қант диабетін басқаруға және эндокриндік денсаулығын жақсартуға арналған заманауи әдістермен танысуға мүмкіндік береді. Бұл интерфейс React JS технологиясының көмегімен жасалған, ол қолданушыларға ыңғайлы және түсінікті UI (қолданушы интерфейсі) ұсынады.

Басты бетте қолданушыларға бағытталған маңызды ақпараттар, соның ішінде диагностика, емдеу және профилактика әдістері ұсынылады. Сонымен қатар, жедел көмек, заманауи емдеу тәсілдері және жеке медициналық тәсілдер туралы бөлімдер бар.

React JS дизайны

Осы дипломдық жобада React JS технологиясын қолдана отырып, қант диабетімен ауыратын науқастарға арналған веб-қосымшаның қолданушы интерфейсі (UI) әзірленді. Бұл технология қолданбаның визуалды элементтерін жылдам және икемді түрде жасап, функционалды және көрнекі интерфейс

құруға мүмкіндік береді. Осы арқылы дизайн мен мазмұн арасындағы байланыс жақсарады.

